

"Байқоңыр" кешенінің ресейлік ұйымдарында жұмыс істеген кезеңде алынған табысты қоспағанда, 1998 жылғы 1 қаңтардан басталған кезең үшін орташа айлық табыстың мөлшерін белгілеу қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2013 жылғы 27 желтоқсандағы № 685-ө-м бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 28 қаңтарда № 9105 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 12 маусымдағы № 480 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 12.06.2015 № 480 бұйрығымен.

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабының 2-тармағын іске асыру мақсатында

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріп отырған «Байқоңыр» кешенінің ресейлік ұйымдарында жұмыс істеген кезеңде алынған табысты қоспағанда, 1998 жылғы 1 қаңтардан басталған кезең үшін орташа айлық табыстың мөлшерін белгілеу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік сақтандыру департаменті (Қозжанов М.С.) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің вице-министрі С.Қ. Жақыповаға жүктелсін.

4. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің кейбір бұйрықтары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес күші жойылды деп танылсын.

5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр *Т. Дүйсенова*
Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрінің
2013 жылғы «27» желтоқсан

**«Байқоңыр» кешенінің ресейлік ұйымдарында жұмыс істеген кезеңде алынған табысты қоспағанда, 1998 жылғы 1 қаңтардан басталған кезең үшін орташа айлық табыстың мөлшерін белгілеу
ҚАҒИДАЛАРЫ**

1. Осы «Байқоңыр» кешенінің ресейлік ұйымдарында жұмыс істеген кезеңде алынған табысты қоспағанда, 1998 жылғы 1 қаңтардан басталған кезең үшін орташа айлық табыстың мөлшерін белгілеу қағидалары «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 15-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді және Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан (бұдан әрі - Орталық) төленетін зейнетақы төлемдерін есептеу үшін қабылданатын, 1998 жылғы 1 қаңтардан бастамған кезең үшін орташа айлық табыс мөлшерінің жинақтаушы зейнетақы қорларына немесе бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналары жүзеге асырылған табысқа сәйкестігін белгілеу тәртібін айқындайды.

2. Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерін есептеу үшін 1998 жылғы 1 қаңтардан басталған кезең үшін орташа айлық табыс мөлшерін айқындаған кезде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1116 қаулысымен бекітілген Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есебіне жазу) және аудару қағидалары мен мерзімдеріне сәйкес жинақтаушы зейнетақы қорларына немесе бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу және аудару жүзеге асырылған табыстың барлық түрлері қ а б ы л д а н а д ы .

3. Міндетті зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі агент (бұдан әрі - агент) берген «Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін бюджет қаражаты есебінен беру , сондай-ақ уәкілетті ұйымнан төленетін зейнетақы төлемдерін, мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақыларды, мемлекеттік арнайы жәрдемақыларды тағайындау және төлеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылға 25 тамыздағы № 819 қаулысымен (бұдан әрі – зейнетақылар мен жәрдемақылар тағайындау қағидалары) белгіленген нысан бойынша есептелген, ұстап қалған және аударылған міндетті зейнетақы жарналары көрсетілген 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап қатарынан кез-келген үш жылғы жеке тұлғаға төленген және міндетті зейнетақы жарналары табысынан

жүзеге асырылған табыс сомалары туралы анықтама (бұдан әрі - табыс сомалары туралы анықтама) немесе жеке кәсіпкерлердің, адвокаттар мен жекеменшік нотариустардың салық органы растаған табысы туралы анықтама өтініш берушінің табысын растайтын құжат болып табылады.

4. Орталықтың аудандық (қалалық) бөлімшелерінің қызметкерлері табыс сомалары туралы анықтамада көрсетілген сомалардың міндетті зейнетақы жарналары салымшысының (бұдан әрі – салымшы) транзиттік шотындағы айналымдардың электрондық үзінді көшірмесіне сәйкестігін тексереді.

5. Табыс сомалары туралы анықтамада көрсетілген сомалар, салымшының транзиттік шотындағы айналымдардың электрондық үзінді көшірмесіне толық сәйкес келген кезде, Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерін есептеу үшін қабылданатын орташа айлық табыстың мөлшері Заңның 16-бабы 2-тармағына с ә й к е с а й қ ы н д а л а д ы .

Табыс сомалары туралы анықтама зейнетақы төлемдерін алушының іс м а к е т і н е т і г і л е д і .

6. Табыс сомалары туралы анықтамада көрсетілген аударылған міндетті зейнетақы жарналарының сомалары салымшының транзиттік шотындағы айналымдардың электрондық үзінді көшірмесіне сәйкес келмеген немесе толық сәйкес келмеген жағдайда Орталықтың аудандық (қалалық) бөлімшелері агентте анықталған айырмашылықтарды нақтылау үшін табыс сомалары туралы анықтаманың Орталықтың аудандық (қалалық) бөлімшесі бастығының қолы қойылған және мөрмен расталған көшірмесін зейнетақы төлемдерін тағайындауға өтініш білдірген өтініш берушіге қайтарады.

7. Агент өтініш берушіге осы Қағидаларға қосымшаға айырмашылықтар анықталған айлар бойынша міндетті зейнетақы жарналары аударылғаны туралы сәйкес нысан бойынша анықтама-растама береді. Анықтама-растамада өтініш берген адамның тегі, аты, әкесінің аты мен туған күнінен басқа, агент банктің белгісі бар төлем тапсырмаларының көшірмелерімен қоса, салымшыға 10 % міндетті зейнетақы жарналарын аудару жүзеге асырылған төлем тапсырмасының деректемелерін (банктің атауын, банктің банктік сәйкестендіру коды, агент шотының нөмірін, төлем тапсырмасының нөмірін, күнін, жалпы сомасы мен жарналар с о м а с ы н) к ө р с е т е д і .

8. Айлар бойынша анықталған айырмашылықтар нақтыланғанға дейін зейнетақы төлемдерін есептеу үшін қабылданатын орташа айлық табыс, айырмашылық анықталған айлардағы табыс сомасын алып тастай отырып, жинақтаушы зейнетақы қорларына немесе бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналарын аудару жүзеге асырылған айлардағы табыс пен салымшының транзиттік шотындағы айналымдардың электронды үзінді көшірмесімен расталған сомалардан анықталады.

9. Зейнетақы төлемдерін есептеу үшін «Байқоңыр» кешенінің ресейлік ұйымдарында жұмыс істеген кезеңде алынған табысты қоспағанда, 1998 жылғы 1 қаңтардан басталған кезең үшін, міндетті зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу және жинақтаушы зейнетақы қорларына немесе бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару жүзеге асырылмаған табыс қабылданбайды.

10. Өтініш беруші міндетті зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу және жинақтаушы зейнетақы қорларына немесе бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару толық жүргізілмеуіне байланысты табысы туралы қосымша құжаттарды ұсынған жағдайда, зейнетақының мөлшерін өзгерту Зейнетақы мен жәрдемақыларды тағайындау қағидаларының 24-тармағына сәйкес жүргізіледі.

Бұл ретте, қосымша ұсынылған құжаттар бойынша ескерілетін орташа айлық табысының кезеңі, бастапқы ұсынылған, зейнетақы төлемінің мөлшері есептелген орташа айлық табысының кезеңіне сәйкес болуға тиіс.

«Байқоңыр» кешенінің ресейлік ұйымдарында жұмыс істеген кезеңде алынған табысты қоспағанда, 1998 жылғы 1 қаңтардан басталған кезең үшін орташа айлық табыстың мөлшерін белгілеу қағидаларына қосымша

Нысан

Берілген күні _____

Міндетті зейнетақы жарналарын аудару туралы АНЫҚТАМА-РАСТАМА

С а л ы м ш ы

Тегі

Аты

Әжесінің аты

Туған күні

күні айы жылы

Құжат түрі: Жеке куәлік

Нөмірі _____ берілді

Жеке сәйкестендіру №
коды (ЖСК)

Ұйымның атауы _____

Төлеуші ұйымның
БСН

Төлеуші - ұйымның орналасқан жері _____

_____ бастап _____ қоса алынған кезең бойынша

Төлеуші - ұйымның орналасқан жері _____

_____ бастап _____ қоса алынған кезең бойынша

төлем тапсырмасының күні	төлем тапсырмасының нөмірі №	Банк БИК-і	Банктің атауы	Жинақтаушы зейнетақы қоры немесе БЖЗҚ	Шот нөмірі	Төлемтапсырмасының жалпы сомасы	Жарналар сомасы

М. О. Кәсіпорын басшысы

Бас бухгалтер

Қазақстан

Республикасы

Еңбек

және

халықты

әлеуметтік

қорғау

министрінің

2013

жылғы

«27»

желтоқсандағы

№

685-ө-м

бұйрығына

қосымша

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің күші жойылған кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. «1998 жылғы 1 қаңтардан бергі кезеңдегі табыстың жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналары жүзеге асырылған табысқа сәйкестігін анықтау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2004 жылғы 21 желтоқсандағы № 310-ө бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде - 3355 нөмірімен тіркелген).

2. «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2007 жылғы 11 шілдедегі № 153-ө бұйрығымен енгізілген өзгерістердің 4-тармағы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде - 4853 нөмірімен тіркелген, 2007 жылғы 22 тамызда «Заң газеті» газетінің № 128 басылған).

3. «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2010 жылғы 10 қыркүйектегі № 312-ө бұйрығына қосымшаның 4-тармақшасы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде - 6538 нөмірімен тіркелген, 2010 жылғы 4 қарашада «Казахстанская правда» газетінде № 292 басылған).

4. «1998 жылғы 1 қаңтардан бергі кезеңдегі табыстың жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналары жүзеге асырылған табысқа сәйкестігін анықтау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2004 жылғы 21 желтоқсандағы № 310-ө бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2013 жылғы 20 наурыздағы № 120-ө-м бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде - 8418 нөмірімен тіркелген).